



«БЕКІТЕМІН»

«Жұлдыз»

балалар

қоғамдық ұйымдарының

Одағы» ҚБ президенті

Е. Дмитриенко

«23» қазан 2017 ж.

**Қазақстан Республикасының мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтің
«Рухани жаңғыру» тұжырымдамасының негізінде «Болашаққа көзқарас:
қоғамдық сананың жаһандануы» мақалсының аясында
балалар және жастар театрлық ұжымдарының
«Мельпомена-2017: Әлем мәдениеті жолында»
халықаралық фестивалін өткізу
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың әлеуметтік маңыздылығы өте өзекті. Бала, театрлық құпия құрудың қатысушысы адамгершілік құндылықтарды, қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас мәдениетін ашу және сезіну арқылы бейбітшілік пен өнерге қол жеткізеді. Театр атмосферасы балалар көзқарасының қалыптасуына, балалардың өз ойын білдіруіне, эстетикалық және әлемді образдық түсінісу қабілеттерін дамытуға ерекше әсер етеді.

«Мельпомена-2017» фестивалі балалар мен жастарды ұлттық мәдениет пен адами мәдениеттің байлығын тартуға, "Мәңгілік ел" ұлттық идеясының негізінде Отанды сүйуге, оның тарихын сыйлауға, адамгершілік-рухани әлемді молайтуға, эмоцияның санқырлы гаммаларын дамыту махаббатына және оларды білдіру мүмкіндігіне бағытталған.

Фестиваль БҰҰ (ЮНЕСКО) Президент Н.Ә.Назарбаевтің бастамасымен және 2012 жылы желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясында қабылданған 2013-2020жж. мәдениеттерді жақындастыру онжылдығы Әлем бағдарламасының шеңберінде өткізіледі.

Балалар және жастар театрлық ұжымдарының "Мельпомена-2017" фестивалінің ұйымдастырушысы: Қазақстан Республикасы "Жұлдыз" балалар қоғамдық ұйымдарының Одағы» қоғамдық бірлестігі.

Бұл фестивальді "Жұлдыз" БҚҰО ҚБ 2002 жылдан ҚР БҒМ БҚҚК, білім басқармасының, Ақмола облысы білім басқармасының, мәдениет және жастар саясаты басқармасының қолдауымен өткізіп келеді және Қазақстан Республикасы мен таяу шығыс балалар театрлық ұжымдарының арасында тек дәстүрлі ғана емес, сонымен қатар танымал шараға айналды.

Өткізу мерзімі: 5 - 7 желтоқсан 2017 жыл.

Өткізу орны: Ақмола облысы, Көкшетау қ, Ақмола облыстық орыс драма театры.

Фестиваль мақсаттары:

- балалардың қоғам өміріне араласудағы құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, жеке тұлғалық шығармашылық әлеуетін, табысты жүзеге асырылуын және мойындалуын дамыту,;
- балалар және жастар театры өнерін жеке тұлғаны үйлесімді дамыту, жоғары адамгершілік-рухани құндылықтар, эстетика мен мәдениет сұхбаты негізінде қазіргі таңда балалардың табысты әлеуметтену факторы ретінде қолдау және дамыту.

Фестиваль міндеттері:

- балалар мен жастарды драматургияға, театр өнеріне, әлем мәдениетіне тарту;
- жас театршылар тұлғасының үйлесімді дамуына ат салысу;
- балалар және жастар театр қозғалысындағы инновациялық бағыттарды дамыту;
- сахналық мәдениет пен шеберліктің жоғары деңгейіне жеткен балалар және жастар театрларын, дарынды орындаушылар мен кәсіпқой педагогтарды, балалар және жастар театр ұжымдарының ұйымдастырушыларын анықтау;
- балалар және жастардың жаңа театр ұжымдарын құруға ынталандыру;
- балалар мен жастардың демалысын ұйымдастыру;
- Қазақстан және басқа елдердегі балалар және жастар театры ұжымдарының шығармашылық қарым-қатынасы үшін жағдай жасау, тәжірибе алмасу;
- балалар және жастар театр кеңістігін балалар театры қоғамының жүйесіне біріктіру.

Фестивальға қатысу шарттары мен тәртібі:

Фестивальға қатысқысы келетін әрбір балалар және жастар театрының ұжымы (20 адамнан артық емес) отандық және шетелдік авторлардың туындыларын, ауызша халық шығармашылығын, сонымен қатар ұжым презентациясы үшін арнайы бағдарлама-миниатюраларды пайдалана отырып, созылған спектакль (қойылым) дайындайды, театрлық қонақтар фестивальдің басқа бос уақыттағы бағдарламаларына қатысады.

Спектакль бағдарламасы басылған түрде қазақ және орыс тілдерінде 5 данада авторлар, режиссер-қоюшы, орындаушылар және басқалары туралы мәлімет әділ-қазылар алқасына ұсынылады.

Фестиваль спектакльдерінің тақырыпшаларында, жанрларында, автор таңдауда шекте жоқ.

Фестивальдің негізгі іс-шаралары:

Фестиваль шеңберінде қатысушылардың түрлі санаты үшін міндетті бағдарламалар компоненттерінің қатары өткізіледі:

- негізгі фестиваль бағдарламаларының спектакльдерін қарау;

- тренингтер мен шебер-сыныптар өткізу;
- эксперименттік шығармашылық шеберханалардың жұмысы;
- әділ-қазылар алқасы мүшелерінің, жетекшілердің, режиссерлер мен театр ұжымы педагогтарының спектакльды талқылауы;
- бос уақыттағы бағдарламалар.

Фестиваль келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- драма театры (миниатюралар);
- қуыршақ театры;
- мода театры (прет-а-порте, кешкі киім, мектеп (жұмыс) формасы, тарихи костюм, жоғары мода және т.б.);
- мюзикл.

Әділ-қазылар алқасы театр ұжымының қызметін келесі талаптар бойынша бағалайды:

- **Режиссерлік** ой және оның орындалуы (спектакльдің көркемдік жалпылығы, таңдау және драматургиялық материалмен жұмыс, режиссерлік шешімнің түпнұсқалылығы);
- **Актерлік** орындау (актерлік мәнерлілік және жекелілігі, актерлік өзара әрекеттестігі, шығармашылық бостандық және сахналық өмірдің байланыстылығы, персонаждың образын құру);
- Спектакльдің музыкалық шешімі (музыкалық шешімнің спектакльдің жалпы образына сәйкестігі, орындау үрдісінде шығармашылық көрсету және оның эмоционалдық мәнділігі, іс-әрекет ырғағының құрылуы);
- Спектакльдің пластикалық образы (спектакльдің образдық пластикалық шешімі, актерлік орындаудың пластикалық мәнерлілігі, спектакль суретінің пластикалық түрлілігі);
- Спектакльдің көркемдік рәсімделуі (рәсімделудің қойылым мәніне сәйкестігі және оның түпнұсқалылығы).

«Мельпомена - 2017» балалар және жастар театрлық ұжымдары фестивалінің **жүлдегерлері мен лауреаттары** дипломдармен, мадақтамалармен, алғыс хаттармен, фестивальдің арнайы марапаттарымен, жүлделермен және естелік сыйлықтармен марапатталады.

Фестивальді ұйымдастырушы Комитет дипломдар табыс етумен бірге мына номинациялар бойынша арнайы жүлделерді тағайындайды:

- үздік сахналық композиция, сценарийлік әзірleme, спектакль либреттосы үшін;
- үздік режиссерлік қойылым жұмысы үшін;
- үздік хореография, спектакльдің пластикалық шешімі үшін;
- спектакльдің үздік музыкалық рәсімделуі үшін;
- спектакльдің үздік көркемөнерпаздық рәсімделуі үшін;
- үздік сахналық костюм үшін;
- образдық үздік бейнелеу актерлігі үшін;

- үздік дизайнерлік шешім және басқалары.

Фестивальдің барлық қатысушылары, жетекшілері мен ата-аналары да қатысқандығы туралы сертификатқа ие болады.

Балалар және жастар театрлық ұжымдарының «Мельпомена-2017» фестиваліне қатысу мәселелері бойынша анықтамалар үшін Ұйымдастырушы комитетке мына деректемелер бойынша хабарласыңыз:

Астанада: 8(717 2) 21 74 22, +7 701 533 70 28 (Елена Александровна Дмитриенко, "Жұлдыз" БҚҰО ҚБ президенті);

Көкшетауда: 8(716 2) 50 25 91, 72 12 26, +7 705 226 56 02 (Александр Сергеевич Пятков).

Балалар және жастар театрлық ұжымдарының «Мельпомена-2017» фестиваліне қатысу шарттары №1-қосымшада берілген.

"Жұлдыз" БҚҰО ҚБ қызметі және оның жобалары туралы ақпаратты "Жұлдыз" БҚҰО ҚБ www.zhuldyz.kz сайтынан алуға болады.
Ұйымдастырушы комитет

**Балалар және жастар театрлық ұжымдарының «Мельпомена-2017»
фестиваліне қатысу шарттары**

Ерікті ұйымдастырылған жарна төлемін "Жұлдыз" БҚҰО ҚБ есеп бөліміне мына реквизиттер бойынша жүргізуге болады:

**Балалар және жастар театрлық ұжымдарының «Мельпомена-2016»
фестиваліне қатысу шарттары**

Балалар және жастар театрлық ұжымдарының «Мельпомена-2017» фестиваліне қатысу үшін қосымша форма бойынша іссапарға жіберуші ұйымның мөрі қойылған өтінімді 30 қарашаға дейін беру қажет.

Ерекше шарттар: фестиваль ешқандай қаржылық қолдаусыз ұйымның қолданыстағы Жарғысына сәйкес ерікті ұйымдастырылған жарналар есебінен өткізіліп жатыр.

Ұжымның қатысуына ұйымдастырушылық жарна өнер көрсету регламентіне байланысты:

15 минутқа дейін 30000 теңге.

20-30 минут 35000 теңге.

30-60 минут 40000 теңге.

Көкшетау қ. қонақүйлерінде орындарды брондау қажет болған жағдайда **Ұйымдастырушы комитетке 2017ж. 30 қарашасынан кешіктірмей sdoozhuldyz@mail.ru, dea_ast@mail.ru электрондық мекенжайларына өтінім беру керек.**

Қонақүй таңдау және тамақтану мен тұру орнының төлем шартын әрбір ұжымның басшылығы көрсетілген анықтамалар бойынша ғаламтор немесе телефон арқылы өзі анықтайды.

Консультация мен қолдау үшін фестивальді Ұйымдастырушы комитетке жүгінуге болады.

"Жұлдыз" балалар қоғамдық ұйымдарының Одағы" ҚБ

СТН 032600222656

ЖСК KZ276010321000017832

"Қазақстан халық банкі" Ақмола ОФ

БСК HSBKKZKX

ЖСН 040840005670

Код 18

Көкшетау қ, Абай к-сі, 112, 207-каб.

КНП 589

Қолма-қол ақшасыз есептесу кезінде фестивальге келген күні Ұйымдастырушы комитетке төлем құжаттарының көшірмесін ұсыну керек.

Қолма-қол ақшамен төлеген жағдайда қаражат фестивальге қатысуға келгенде "Жұлдыз" БҚҰО ҚБ кассасына бекітілген тәртіппен беріледі.

Қатысуға өтінімді 2017 жылдың 2 желтоқсанынан кешіктірмей жолдау қажет.

**Балалар және жастар театрлық ұжымдарының «Мельпомена-2017»
фестиваліне қатысу
Өтінімі**

1. Театр ұжымының атауы

2. Жетекшінің ТАӘ, лауазымы (толығымен)

3. Балалар(жастар) театры ұжымының құрылу жылы

4. Қатысушылардың тізімдік құрамы:

№	Тегі, аты	Туған жылы, айы, күні	Оқу орны	Үй мекенжайы	Телефон, E-mail	Орындайтын рөлі

5. Спектакль атауы

6. Премьера мерзімі

7. Спектакль жанры

8. Пьеса авторы

9. Сценарист _____

10. Режиссер _____

11. Дыбыс режиссері (музыканы рәсімдеуші) _____

12. Монтаждау уақыты: _____ Желілік монтаждаудың уақыты:

_____ демонтаж уақыты: _____ минут;

13. спектакльдің жалғасу мерзімі _____

14. Ұжымның фестивальдар мен байқауларда қатысқандығы туралы мәлімет

15. Байланысушы тұлға

e-mail: _____ Тел: _____ ұялы _____

16. Спектакльдің техникалық ерекшелігі:

Сахна: тереңдігі _____ ені _____ биіктігі _____

жарық: _____

дыбыс: _____

Сахналық киімі: _____

17. Декорацияны тасымалдау тәсілі: _____

Жүк көлемі: _____

Декорацияны тасымалдауға қажет көлік: _____

Жауапты тұлғаның қолы _____

қолы

ТАӘ

Мерзімі

МП

**Спектакль бойынша
ақпараттық материалдар тізімі**

(спектакль атауы)

1. Спектакльді толығымен DVD қондырғыға жазу.
2. Спектакль бағдарламасы. Word форматында. Құрушылар мен орындаушылардың есімдері (инициалдары емес), сонымен қатар спектакльдің ұзақтығы көрсетілуі тиіс.
3. Театр туралы ақпарат (қысқаша тарих).

Фестиваль қатысушыларының келу-кету кестесі:

№ п/п	Т.А.Ә. (байданысушы тұлға телефон)	келуі			кетуі		
		мерзімі	пойыз/рейс	Келу уақыты	мерзімі	пойыз/рейс	Кету уақыты

ЎЙЫМДАСТЫРУШЫ КОМИТЕТ